

Адвокаттардың салықтар және басқа да міндетті төлемдер туралы сұрақтарына қысқаша шолу *(жеке табыс салығы, әлеуметтік аударымдар, әлеуметтік салық, міндетті зейнетақы жарналары, МӘМС жарналары)*

Астана қаласының адвокаттар алқасының адвокаты
Акатова Сауле Баршановна дайындады



1. Адвокаттың салық төлеуші ретіндегі түсінігі



Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (бұдан кейін – СК) 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ Қазақстан Республикасының Кодексі салық салудың негізін құрайтын қағидаттарды белгілейді, салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді белгілеу, енгізу, өзгерту, олардың күшін жою, есептеу мен төлеу тәртібі жөніндегі билік қатынастарын, сондай-ақ салықтық міндеттемені орындауға байланысты қатынастарды реттейді.

Адвокат жеке практикамен айналысатын адам болып табылады (СК 1-бабы, 1-тармағы, 19-тармақшасы).

Адвокат салық төлеуші ретінде **салықтық міндеттемелерді уақтылы және толық көлемде орындауға міндетті** (СК 13-бабы, 3-тармағы, 1-тармақшасы).

2. Адвокаттың салықтық міндеттемелерінің түсінігі

Адвокаттың салықтық міндеттемесі (СК 31,36 баптары) - салық төлеуші ретіндегі адвокаттың Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес туындайтын мемлекет алдындағы міндеті, оған сәйкес салық төлеуші адвокат мыналарға міндетті:

- ✓ салық органында тіркеу есебіне тұруға;
- ✓ салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді есепке алуды жүргізуге;
- ✓ салық және басқа да міндетті төлемдерді бюджетке есептеуге және төлеуге;
- ✓ салықтық тіркелімдерді қоспағанда, салықтық нысандарды және СК белгіленген өзге де нысандарды жасайды және белгіленген тәртіппен салық органдарына ұсынуға.

Егер СК өзгеше көзделмесе, салықтық міндеттемені орындауды адвокат салық төлеуші ретінде өз бетінше жүзеге асырады (СК 36 бабы).

СК 16-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, адвокат Қазақстан Республикасының салық заңнамасында реттелетін қатынастарға сенімхат негізінде әрекет ететін уәкілетті өкілі арқылы қатысуға құқылы (СК 16 бабы).

3. Адвокаттың салықтық міндеттемелерінің түсінігі - жалғасы

Салық төлеушінің уәкілетті өкілінің **салық төлеуші - адвокаттың атынан жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі)** салық төлеушінің әрекеттері (әрекетсіздігі) болып танылады (СК 16-бабы, 5-тармағы).

Сәйкесінше, салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді **есептеу, ұстау және аудару** жауапкершілігі **адвокаттың** өзіне жүктеледі.

4. Адвокаттың салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді анықтауы. Салықтарды және басқа да міндетті төлемдерді есептеу және төлеу.

Салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді айқындау; Салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеу және төлеу адвокаттың **салықтық міндеттемелері** болып табылады.

Салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы мәселе маңызды болып табылады. Өйткені онымен мына анықтамалар байланысты:

жекелеген объектілер бойынша есептелетін, төленетін салық түрі;

- салық төлеу мерзімдері;
- салық есептілігін ұсыну (оның түрлері, мерзімі және т.б.)

Мүлік пен әрекеттер **салық салу объектісі** және (немесе) салық салуға байланысты объект болып табылады, олардың болуына байланысты және (немесе) солардың негізінде салық төлеушінің салықтық міндеттемесі туындайды. (СК 32 бабы).

Әрбір салық түрі бойынша салық салу объектісі және салық салуға байланысты объект Қазақстан Республикасы Салық кодексінің Ерекше бөлігінің нормаларына сәйкес айқындалатынын атап өткен жөн.

5. Жеке табыс салығы (ЖТС)

Адвокаттық қызметті жүзеге асырудан алған кірістер және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеуден алынған сомалардың барлық түрі **адвокаттың кірісі** болып табылады (СК 336 бабы).



ҚР Салық кодексінде 336 бабының «Жеке практикамен айналысатын адамның кірісі» нормалары **8 бөлімі «ЖЕКЕ ТАБЫС САЛЫҒЫ», 36 тарауы КІРІСТЕР, 2-параграфында «Жеке тұлға дербес салық салуға жататын кірістер»** көзделген.

Салық кодексінің 6-бөлімінің нормаларын талдау нәтижесінде адвокаттардың кірістері жеке тұлға дербес салық салуға жататын кірістерге жатады және жеке тұлғаның мүліктік кірістеріне қолданылмайды (СК 330 бабы).

Осылайша, жеке тұлғаның дербес салық салуға жататын табыс түріндегі адвокаттың табысы жеке табыс салығын салу объектісі болып табылады. (СК 318-бабы, 2-тармағы).

5.1 5. Жеке табыс салығы (ЖТС) - жалғасы

Осыған байланысты, адвокаттың көмегіне жүгінген адамдар көрсетілген көмекке төлем төлеу кезінде төлем көзінен жеке табыс салығын (бұдан әрі - ЖТС) ұстамайды, өйткені адвокат Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес, алған табысынан жеке табыс салығын дербес есептеуге, ұстауға және аударуға міндетті.

Адвокаттың ЖТС-ы кіріс сомасының 10 пайызы мөлшерінде салынады.

Есептелген салық сомасы кірістер бойынша салық есептелген айдан **кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірілмей** ай сайын төлеуге жатады.

5.2 Жеке табыс салығы (ЖТС) - жалғасы

Салық органдары мен адвокат-салық төлеуші арасында дау болмауы үшін сондай-ақ салық органдарында күмән мен сұрақтар туындамас үшін, тәжірбиеде **адвокаттың кірісті қай уақытта алғаны және оны анықтап құжатта бекіту мәселесі** қиындық туғызады.

Аталған сұрақ бойынша **СК-нің 192 бабының** нормаларын басшылыққа алып, яғни салық төлеуші (салық агенті) салықтық есепке алуды жүргізуді СК-інде белгіленген тәртіппен және шарттарда **есепке жазу** әдісі бойынша теңгемен жүзеге асырады деп ой қорытындылаймыз.

Есепке жазу әдісі - операциялар мен өзге де оқиғалардың нәтижелері **ақшаны немесе оның баламасын алған немесе төлеген күннен бастап емес**, олардың **жасалу фактісі бойынша**, оның ішінде мүлікті өткізу немесе кіріске алу мақсатында жұмыстар орындалған, қызметтер ұсынылған, тауарлар сатып алушыға немесе оның сенім білдірілген тұлғасына тиіп-жөнелтілген және берілген күннен бастап танылатын есепке алу әдісі болып табылады.

5.3 Жеке табыс салығы (ЖТС) - жалғасы

СК 192 бабының нормаларына сәйкес, адвокат өзінің кірісін ақшаны немесе оның баламаларын алған немесе төлеген күннен бастап емес, көмекке жүгінген адамға заңгерлік көмек көрсету фактісі бойынша есепке алуы қажет (мысалы, қорғаушы тарап ретінде сенім білдірушінің тапсырмаларын орындау фактісі бойынша, сотта мүдделерді білдіру және т.б.)

Осыған байланысты төменде көрсетілген ақпаратты алуға болатын құжаттарға тоқталып өткен жөн:

- адвокат көрсететін заң көмегінің түрі мен мөлшері;
- аталған көмек адвокат көрсеткен болып танылатын сәт;
- адвокаттың тапқан кіріс сомасы;
- есептелген, төленген ЖТС сомасы.

Мұндай негізгі құжаттар (міндетті) болып мыналар табылады: **шарт** (*заң көмегін көрсету туралы шарт және т.б.*) **төлемді растайтын қаржылық құжат** (*төлеу туралы түбіртек, кіріс ордері, адвокаттың банк шотынан үзінді көшірмесі және т.б.*).

Сонымен қатар, мұндай құжат ретінде көрсетілген заң көмегін қабылдау актісі, орындалған бұйрықты қабылдау актісі, қолхат және басқа құжаттар болуы мүмкін.

5.4 Жеке табыс салығы (ЖТС) - жалғасы

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, адвокат пен заң көмегіне жүгінген адамның арасындағы қатынастар **шартпен** рәсімделеді.

Шарт жасасу үшін тараптар арасында келісуі қажет шарттың елеулі ережелері (ҚР Азаматтық кодексінің 393-бабы) Қазақстан Республикасы «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңының 47 бабында көрсетілген.

Шарттың елеулі ережелерінің бірі болып адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және татуластыру рәсімдерін жүргізу, қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды **өтеу мөлшері мен төлем тәртібі** болып табылады.

Төлемді адвокатқа оның банктік шотына қолма-қол ақшасыз түрде де, қолма-қол ақшамен де жасауға болады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, адвокат көрсететін, мемлекет кепілдік берген заң көмегіне, іссапарлық, көліктік шығыстарға ақы төлеу және оның құқықтық консультация беруге, қорғау мен өкілдік етуге байланысты басқа да шығыстарын өтеу қылмыстық қудалау органдарының қаулылары және соттардың ұйғарымдары бойынша бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі. Бұл жағдайда адвокат көрсететін, мемлекет кепілдік берген заң көмегіне ақы төлеу және құқықтық консультация беруге, қорғау мен өкілдік етуге, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеу мөлшері мен тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді (Қазақстан Республикасы «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңының 48 бабы).

5.5 Жеке табыс салығы (ЖТС) - жалғасы

Мысалы, адвокат құқықтық сұрақтарға қатысты консультация берген жағдайда, адвокатқа төленетін төлемді жүгінген адам заң көмегін нақты алған сәтінен бастап төлейтін болғандықтан, адвокатқа **шарт талаптарының негізінде** кірісті анықтау үлкен қиындық туғызбайды. Сәйкесінше ЖТС есептеуге жататын кірісті адвокат консультация берілген айда есептейді, ал ЖТС-ның өзі кірістер бойынша салық есептелген айдан кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірілмей ай сайын төлеуге жатады.

Мысалы:

2023 жылдың 11 ақпанында адвокат белгілі бір тұлғаға құқықтық мәселе бойынша кеңес (ауызша) берді. 500 теңге сомасындағы төлемді тұлға сол күні адвокатқа берген. Демек, 500 теңге кіріс адвокаттың 2023 жылдың ақпан айында алған табысы болып табылады.

2023 жылдың ақпан айындағы бұл табыстан адвокаттың ЖТС сомасы 50 теңгені құрайды (яғни 500 теңгенің 10 пайызы). Адвокат 2023 жылдың 5 наурызынан кешіктірмей бюджетке осы ЖТС сомасын төлеуге міндетті.

Сенім білдірушіге **заң көмегін көрсету** белгілі бір мерзімге, соның ішінде айларға, кейде тіпті бір жылға **созылатын** және адвокаттың заң көмегіне ақы төлеуді сенім білдіруші толық аванстық төлеммен не ай сайын, не траншпен және т.б. жолдармен төлеген **кезде адвокаттың кірісін анықтау әлдеқайда қиын**. Мысалы, аталған жағдай адвокаттың қылмыстық сот ісін жүргізу кезінде қорғаушы ретінде қатысуы, азаматтық сот ісін жүргізу кезінде сенім білдірушінің өкілі ретінде қатысуы және т.б. жағдайларда орын алуы мүмкін.

5.6 Жеке табыс салығы (ЖТС) - жалғасы

Бұл ретте адвокат пен оған заң көмегіне жүгінген адам (сенім білдіруші) арасында **жасалған шарт талаптары өте маңызды**.

Дәл осындай шарттың талаптарынан адвокаттың заң көмегін көрсету сәтін (фактісін) анықтауға болады. Сәйкесінше, адвокат үшін ЖТС есептеу және төлеу міндеті туындайды.

Іс жүзінде көптеген адвокаттар белгілі бір адамға заң көмегін көрсету фактісін растау үшін келісім-шарттан басқа, заң көмегін көрсету фактісін растайтын қосымша құжат пайдаланады. Мысалы, көрсетілген заң көмегін қабылдау актісі, орындалған тапсырманы қабылдау актісі, қолхат және т.б.

Аталған жағдайда, шарт заң көмегін қабылдау актісі және басқалары салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты **объектілерді айқындау үшін**, сондай-ақ салықтық міндеттемені есептеу үшін негіз болып табылатын **өзге де құжаттар** болып табылады. Яғни, бұл құжаттар адвокаттың **есепке алу құжаттамасын** қамтиды. (СК 190-бабы, 2-тармағы, 6-тармақшасы).

5.7 Жеке табыс салығы (ЖТС) - жалғасы

Мысалы:

Адвокат пен сенім білдіруші арасында заң көмегін көрсету туралы шарт 2023 жылдың 2 қаңтарында жасалған.

Шарттың талаптары бойынша адвокат бірінші инстанциядағы сотта сенім білдірушінің Акционерлік қоғамға қарызды өндіру туралы талабы бойынша азаматтық істі қарауға сенім білдірушінің өкілі ретінде қатысуға міндеттенді.

Келісімге сәйкес, 2023 жылдың 3 қаңтарында сенім білдіруші адвокатқа заң көмегі үшін алдын ала төлем арқылы 100 000 теңге төлеген.

Соттың істі қарауы 2023 жылдың 11 ақпанында басталып, 2023 жылдың 10 наурызында сот шешімінің шығуымен аяқталды.

2023 жылдың 10 наурызында, шарт талаптарына сәйкес, адвокат пен сенім білдіруші арасында көрсетілген заң көмегін қабылдау актісіне қол қойылды.

*Осылайша, адвокаттың сенім білдірушіге көмек көрсету сәті **2023 жылғы 10 наурыз**. (Салық кодексінің 192-бабының 2-тармағына сәйкес бұл оның төлеміне қарамастан қызмет көрсету фактісі болып табылады).*

Демек, 100 000 теңге кіріс адвокаттың 2023 жылдың наурыз айында алған кірісі болып табылады. Осылайша, адвокаттың 2023 жылдың наурыз айына ЖТС сомасы осы кірістен 10 000 теңгені құрайды (яғни, 100 000 теңгенің 10 пайызы).

Адвокат бұл ЖТС-ның сомасын 2023 жылдың 5 сәуірінен кешіктірмей төлеуі керек.

№ 1-ші КЕЙС

*Жеке табыс салығын есептеу және төлеу
бойынша*

№ 1-ші КЕЙС

Күдікті Р-ға қозғалған қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында оны қорғауға қатысты заң көмегін көрсету туралы шарт 2022 жылғы 30 қарашада жасалған.

Шарт талаптары бойынша адвокат көрсеткен заң көмегі үшін төлем сомасы 500 000 теңгені құрады. Шарттың талаптары бойынша төлем тәртібі келесідей айқындалады:

Сенім білдіруші 2022 жылдың 20 желтоқсанында 200 000 теңге төлейді;

Сенім білдіруші 2023 жылдың 4 қаңтарында 300 000 теңге төлейді.

Шарт жасалғаннан кейін адвокат сенім білдірушіні қорғауға кірісті.

Сенім білдіруші 2022 жылдың 20 желтоқсанында 200 000 теңге төледі.

Күдікті Р-ға қатысты сотқа дейінгі тергеу 2023 жылдың 8 қаңтарында аяқталды. Күдікті Р-ға қатысты қылмыстық іс тоқтатылды.

Клиент келісім-шарт талаптарын бұза отырып 300 000 теңге сомасын адвокатқа – 2023 жылдың 15 сәуірінде төледі.

Сұрақтар:

- 1. ЖТС-ын есептеу және төлеу үшін адвокаттың кірісін анықтаңыз. Олар қандай сомада және қай айларда пайда болды?**
- 2. Адвокат ЖТС-ын қашан және қандай сомада төлеуі керек?**

Сұрақтардың жауабы:

Күдікті Р-ға қатысты сотқа дейінгі тергеу 2023 жылдың 8 қаңтарында аяқталды. Күдікті Р.-ға қатысты қылмыстық іс тоқтатылды.

Сондықтан, қылмыстық іс бойынша сенім білдірушіге заңгерлік көмек көрсету түріндегі қызмет көрсетуді адвокат **2023 жылдың 8 қаңтарында аяқтады.**

Осыған байланысты, 2022 жылғы 30 қарашадағы шарт бойынша көрсетілген заң көмегі үшін **кіріс** адвокаттан **2023 жылғы қаңтарда туындайды және 500 000 теңгені құрайды**, өйткені шарт талаптары бойынша адвокатқа төленетін төлем сомасы 500 000 теңге болып белгіленген және адвокат 2023 жылдың 8 қаңтарында толық төленгеніне немесе төленбегеніне қарамастан, көрсетілетін қызметті аяқтаған. (мысалдағы шарттарға сәйкес, 300 000 теңге төлемді сенім білдіруші шарт мерзімін бұза отырып төлегені белгілі болды – 2023 жылдың 15 сәуірі).

2023 жылғы 8 қаңтардағы СК 192-бабының 2-тармағына сәйкес, бұл оның төлеміне қарамастан қызмет көрсету фактісі болып табылады.

Сондықтан, адвокаттың **2023 жылдың қаңтар** айындағы **ЖТС-ның сомасы** осы кірістен **50 000 теңгені** құрайды (яғни 500 000 теңгенің 10 пайызы).

Адвокат бұл ЖТС-ның сомасын 2023 жылдың **5 ақпанынан кешіктірмей** төлеуі керек.

2023 жылдың қаңтарына арналған **240-нысанындағы декларацияда** (жылдық ЖТС) кіріс 500 000 теңге, ЖТС – 50 000 теңге сомасында көрсетіледі.

№ 2-ші КЕЙС

*жеке табыс салығы бойынша декларацияны
толтыру үлгісімен жеке табыс салығын
есептеу және төлеу туралы (240-нысан, 1
мысал)*

№ 2-ші КЕЙС

Кеңсесі Астана қаласы, Сарыарқа ауданы мекенжайында орналасқан адвокат 2022 жылдың 15 желтоқсанында азамат К.К.-мен қылмыстық іс бойынша күдікті ретінде қорғау туралы шарт жасасқан.

Шарттың талаптары бойынша сенім білдіруші адвокатқа келісім мерзімі ішінде ай сайын әр айдың 15-інен кешіктірмей 150 000 теңге төлеуге міндеттенді.

Сенім білдіруші К адвокатқа төлеген сома:

2022 ж. 15 желтоқсанда 150 000 теңге;

2023 ж. 15 қаңтарда 150 000 теңге;

2023 ж. 15 ақпанда 150 000 теңге.

Қылмыстық іс бойынша 2023 жылғы 15 мамырда сотқа дейінгі тергеу органы К.К-ға қатысты қылмыстық қудалауды тоқтату туралы қаулы шығарды. Күдікті К.К.-ға қатысты сотқа дейінгі тергеу аяқталды.

Сұрақтар:

1. ЖТС-ын есептеу және төлеу үшін адвокаттың кірісін анықтаңыз. Салық қандай мөлшерде және қай айларда пайда болды?

2. Адвокат ЖТС-ын қай мерзімде және қандай мөлшерде төлеуі керек?

3. ЖТС бойынша адвокат қандай декларацияны және оны қай мерзімде ұсынуы керек? Декларацияны дайындап, оны толтыру және тапсыру жолын түсіндіріңіз.

ЖАУАПТАР

1. ЖТС-ын есептеу және төлеу үшін адвокаттың кірісін анықтаңыз. Салық қандай мөлшерде және қай айларда пайда болды?

Күдікті К-ға қатысты сотқа дейінгі тергеу **2023 жылдың 15 мамырында** аяқталды. Сондықтан, 2022 жылғы 15 желтоқсандағы шарт бойынша сенім білдіруші К-ға қылмыстық іс бойынша, **адвокат** қызмет көрсетуін (заңды көмек) **2023 жылдың 15 мамырында аяқтады** (қызмет көрсету фактісі). Яғни, 2023 жылдың мамыр айында. Демек, адвокаттың көрсетілген заң көмегі үшін **кірісі оның төленгеніне қарамастан, есепке жазу әдісі негізінде 2023 жылдың мамыр айында** пайда болады (СК 192-бабы, 2-тармағы).

Есепке жазу әдісі бойынша адвокаттың **5 айдағы** (2022 жылдың 15 желтоқсанынан 2023 жылдың 15 мамырына дейін) қызмет көрсетуден (заң көмегін) тапқан **кірісі 750 000 теңгені** құрады. Себебі шарт талаптарына сәйкес сенім білдіруші К адвокатқа 150 000 теңгеден (тең төлемдер) кешіктірмей әр айдың 5-ші күні төлеуге міндеттенді. Адвокат **қызмет көрсетуін 2023 жылдың 15 мамырында толық аяқтады.**

Адвокаттың **кірісі**, адвокат көрсеткен қызметті сенім білдіруші **толық төлегеніне немесе төлемегеніне қарамастан, 750 000 теңгені** құрады (СК 192-бабы).

2. Адвокат ЖТС-ын қай мерзімде және қандай мөлшерде төлеуі керек?

2023 жылдың мамыр айынадағы бұл кірісінен адвокаттың ЖТС сомасы 75 000 теңгені құрайды (яғни 750 000 теңгенің 10 пайызы). Адвокат бұл ЖТС сомасын **2023 жылдың 5 маусымынан** кешіктірмей төлеуі керек.

2023 жылдың мамыр айының жеке табыс салығы бойынша декларацияда **(240-нысан)** адвокаттың табысы 750 000 теңге, ЖТС – 75 000 теңге сомасында көрсетіледі.

Декларация адвокаттың Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының Сарыарқа ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының салық органына **(орналасқан жері бойынша) 2024 жылғы 31 наурыздан кешіктірмей** табыс етіледі (СК 363, 364-баптары).

Бұл **жыл сайынғы** декларация, яғни әр жылдың нәтижелері бойынша (толығырақ төменде толтыру үлгісін **1-мысалды** қараңыз).

ҮЛГІ

жеке табыс салығы бойынша декларацияны толтыру (240-нысан, 1-мысал)

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗАР! Декларацияны толтыру үшін бастапқы деректер №2-ші кейстан алынған (1-мысал).

240-нысанды декларацияны құрастыру және тапсыру кезінде "Салық есептілігі нысандарын және оларды жасау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 20 қаңтардағы № 39 бұйрығын басшылыққа алу қажет.

240-нысан декларациясы екі бөліктен тұрады: декларацияның өзі және қосымшалар.

Алдымен декларацияның бірінші бетін толтырамыз. Содан кейін Декларациясының №1 қосымшасы, яғни «Жеке практикамен айналысатын тұлғалардың кірістері» толтыруға кірісеміз. Декларацияның №1 қосымшасын толтырғаннан кейін біз декларацияның қалған бөлігін толтырамыз.

6. Әлеуметтік аударымдар

Әлеуметтік салықты қарастырмас бұрын әлеуметтік аударымдарды есептеу және төлеу мәселелеріне тоқталған жөн, өйткені олар адвокаттың **әлеуметтік салығын есептеу кезінде ескеріледі.**

2023 жылғы 1 шілдеден бастап әлеуметтік аударымдарды есептеу және төлеу тәртібі **Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII ҚРЗ Әлеуметтік кодексінің** (бұдан әрі – ӘК) 4-бөлімінің «Әлеуметтік аударымдар және зейнетақы жарналары» 18-тарауының "Әлеуметтік аударымдар" нормаларымен, сондай-ақ Әлеуметтік аударымдарды есептеу және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төлеу және олар бойынша өндіріп алу қағидаларымен ("Әлеуметтік сақтандыру жүйесінің және әлеуметтік-еңбек саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 21 маусымдағы № 229 бұйрығының 1-қосымшасымен (бұдан әрі – № 229 Қағида) реттеледі.

Әлеуметтік аударымдар – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен **Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына** (бұдан әрі - қор) әлеуметтік аударымдарды төлеушілер төлейтін ақша (ӘК 1-бабы, 1-тармағы, 15-тармақшасы).

Адвокаттар міндетті әлеуметтік сақтандыруға жатады (ӘК 243 бабы).

6.1 Әлеуметтік аударымдар – жалғасы

2023 жылдың 1 шілдесінен бастап Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес

Адвокат үшін әлеуметтік аударымдарды есептеу **объектісі** болып табылады:

өзі үшін – Қорға әлеуметтік аударымдар төленбейтін кірістерін қоспағанда, өз пайдасына әлеуметтік аударымдарды есептеу мақсаттары үшін өздері дербес айқындайтын, **өз пайдасына міндетті зейнетақы жарналарын аудару үшін айқындалатын кіріске тең**, бірақ Салық кодексіне сәйкес **салық салу** мақсаттары үшін айқындалатын **кірістен аспайтын алатын кірісінің сомасы** болып табылады (ӘК 245-бабы, 2-тармағы).

Бұл ретте **айына** әлеуметтік аударымдарды есептеу үшін алынатын **кіріс** республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген **ең төмен жалақының 7 еселенген мөлшерінен** (2023 ж. – 490 000 тенге) аспауға тиіс.

Егер аталған адамдардың кірісі республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген **жалақының ең төмен мөлшерінен аз болса** (2023 ж - 70 000 тенге) , онда олар өз пайдасына республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген **жалақының ең төмен мөлшерінен** (2023 ж. сәйкес 70 000 теңгенің 3,5 % = 2 450 тенге) әлеуметтік аударымдарды төлейді (ӘК 245-бабы, 2-тармағы).

6.2 Әлеуметтік аударымдар – жалғасы

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Кодексіне сәйкес **(2023 жылдың 1 шілдесінен бастап)**

Төлеушілердің міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылар үшін және (немесе) өз пайдасына Қорға төлеуге жататын әлеуметтік аударымдар әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісінің **3,5 пайызы мөлшерінде** белгіленеді (ӘК 244 бабы).

6.3 Әлеуметтік аударымдар – жалғасы

Әлеуметтік аударымдарды есептеу кезінде тиындармен есептелген сомалар тиындардың сомасына қарамастан 1 теңгеге дейін дөңгелектенеді. (№ 229 қағидалардың 14 тармағы)

Мысалы:

14 114,5 теңге 14 115 теңге болып дөңгелектенеді; 12 327,2 теңге 12 328 теңге болып дөңгелектенеді;

2 525,8 теңге 2 526 теңге болып дөңгелектенеді; 2 625,1 теңге 2 626 теңге болып дөңгелектенеді

Егер ӘК 246 бабында өзгеше белгіленбесе, төлеуші Қорға әлеуметтік аударымдарды есепті айдан **кейінгі айдың 25-інен кешіктірмей**, әлеуметтік аударымдар төленетін айды көрсете отырып, уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен ай сайын есептейді және төлейді (ӘК 246-бабы, 1-тармағы).

6.4 Әлеуметтік аударымдар – жалғасы

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР! Төменде келтірілген мысалда **2023 жылғы 1 шілдеден** бастап қолданысқа енгізілетін **Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің нормалары пайдаланылады.** Себебі мысалда аталған кодекстің қолданылу кезеңіндегі әлеуметтік аударымдарды есептеу және төлеу жөніндегі қатынастар реттеледі.

Мысал:

*Адвокаттың 2023 жылдың шілде айындағы табысы 500 000 теңгені құрады. Адвокаттың кіріс сомасы Қазақстан Республикасының 2023 жылға заң нормаларымен белгіленген ең төмен жалақының 7 еселенген мөлшерінен (2023 ж 7 ТЖМ = 490 000) асып кетуіне байланысты әлеуметтік аударымдарды есептеу үшін 2023 жылғы шілдеде алынған кіріс ең төменгі жалақының 7 еселенген мөлшерінен (490 000 теңге), бірақ 1 ең төменгі жалақыдан (70 000 теңге) аспайтын мөлшерде айқындалады. Яғни, **70 000 теңгеден 490 000 теңгеге дейінгі аралықта.** Бұл ретте бұл кіріс 2023 жылғы шілдеде **МЗЖ аудару үшін айқындалған кіріске тең болуы және 2023 жылғы шілдедегі ЖТС есептеу үшін айқындалған кірістен аспауы тиіс.***

Мысалы, адвокат 2023 жылдың шілде айына әлеуметтік аударымдарды есептеу үшін 490 000 теңге көлеміндегі кіріс мөлшерін өз бетінше анықтады. Өйткені аталған сома 2023 жылдың шілде айына өз бетінше анықтаған 490 000 теңге сомасында МЗЖ-ын оның пайдасына аудару үшін анықталған табысқа тең. Сонымен қатар, 490 000 теңге оның 2023 жылдың шілдесіне ЖТС-ын есептеу үшін анықтаған кіріс сомасынан (500 000 теңге) аспайды.

Адвокаттың 2023 жылғы шілдедегі әлеуметтік аударымдары 490 000 теңгенің 3,5%-ын құрайды, яғни 17 150 теңге.

Бұл соманы адвокат 2023 жылдың 25 тамызына дейін аударады.

7. Әлеуметтік салық

Адвокат **әлеуметтік салықтың** төлеушісі болып табылады. (СК 482 бабы 1 тармағы 2 тармақшасы).

Адвокаттар үшін әлеуметтік салықтың **салық салу объектісі**, төлеушілердің өздерін қоса алғанда, жұмыскерлердің саны, яғни адвокаттың өзі болып табылады (СК 484-бабы, 1-тармағы).

Қызметкерлердің саны түріндегі әлеуметтік салық салу объектісі адвокат өзінің адвокаттық қызметін жүзеге асыру үшін қызметкерлердің (мысалы, курьер, хатшы, есепші, аудармашы және т.б.) еңбегін қосымша пайдаланған кезде қолданылады. Адвокат қызметкерлердің еңбегін пайдаланған кезде олармен қарым-қатынасын тиісті шарттармен ресімдейтін жағдайлар тәжірибеде онша көп емес.

Адвокаттар әлеуметтік салықты республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және төленетін күнге қолданыста болатын **айлық есептік көрсеткіштің 2 еселенген мөлшерінде** (2023 - 6900 теңге) **өзі үшін** төлейді.

Бюджетке төлеуге жататын **әлеуметтік салық** сомасы есептелген әлеуметтік салық пен "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес **есептелген әлеуметтік аударымдардың сомасы арасындағы айырма ретінде айқындалады**. Яғни, әлеуметтік аударымдар сомасын шегергенде 2 АЕК.

7.1 Әлеуметтік салық - жалғасы

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына есептелген әлеуметтік аударымдар сомасы есептелген әлеуметтік салықтың **сомасынан асып кеткен** немесе олардың сомалары тең болған кезде бюджетке төлеуге жататын әлеуметтік салық сомасы **нөлге тең деп есептеледі**. (СК 486-бабы, 3-тармағы).

Адвокат салықтық кезеңде **кіріс алмаған болса** әлеуметтік салықты **есептемейді және төлемейді**. (СК 485-бабы, 2-тармағы, 3-тармақшасы).

Күнтізбелік ай әлеуметтік салықты есептеу үшін салықтық кезең болып табылады (СК 488-бабы, 1-тармағы).

Әлеуметтік салықты төлеу салық төлеушінің орналасқан жері бойынша салықтық кезеңнен **кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірілмей** жүргізіледі. (СК 487-бабы, 1-тармағы).

Мысал:

Адвокаттың 2023 жылдың шілде айындағы кірісі 500 000 теңгені құрады.

Адвокаттың 2023 жылдың шілде айындағы әлеуметтік аударымдары -17 150 теңге (490 000 x 3,5%).

*2023 жылғы шілдедегі әлеуметтік аударымдар сомасының (17 150 теңге) әлеуметтік салық сомасынан (2 АЕК, яғни 6 900 теңге) асып кетуіне байланысты, СК 486-бабының 3-тармағына сәйкес, **2023 жылғы шілде үшін адвокаттың әлеуметтік салық сомасы нөлге тең (6900 - 17 150) және бюджетке төлеуге жатпайды.***

Осылайша, жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, **әлеуметтік салықты** адвокат есеп айырысу айында **кірісі болған** жағдайда ғана **есептейді және төлейді.**

Егер адвокаттың есеп айырысу айында **кірісі болмаса**, онда әлеуметтік салық **есептелмейді және төленбейді.**

Егер адвокаттың кірісі болса, онда әлеуметтік салық келесідей есептеледі:

2 АЕК-тен әлеуметтік аударым сомасы алынады.

(2АЕК-Әлеуметтік аударым)

Бұл формула нәтижесі **нөлге немесе теріс сомаға әкелсе**, әлеуметтік салық сомасы **нөлге тең** деп есептелінеді.

8. Міндетті зейнетақы жарналары

Міндетті зейнетақы жарналары (бұдан әрі - МЗЖ) СК

189-бабына сәйкес, салықтарға және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерге жатпайды.

Адвокаттың МЗЖ есептеуі және төлеуі бойынша қатынастар **2023 жылдың 1 шілдесінен** бастап Қазақстан Республикасының **2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII ҚРЗ Әлеуметтік кодексінің** (бұдан әрі - ӘК) 4 бөлімі "Әлеуметтік аударымдар және зейнетақы жарналары" 19 тарауымен "Зейнетақы жарналары" сонымен қатар, "Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есебіне жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1116 қаулысымен реттеледі (бұдан әрі - № 1116 Қағидалар).

8.1 Міндетті зейнетақы жарналары - жалғасы

2023 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстан Республикасының **Әлеуметтік кодексіне** сәйкес

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына МЗЖ төлеуді адвокаттар МЗЖ есептеу үшін қабылданған **кірістің 10 пайызы** мөлшерінде **өз пайдасына** дербес жүзеге асырады (ӘК 248 бабы 4-тармағы 1 тармақшасы, 249 бабы 1 тармағы 2 тармақшасы).

Міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын **кіріс деп** міндетті зейнетақы жарналары төленбейтін, бірақ Салық кодексіне сәйкес **салық салу** мақсаттары үшін айқындалатын **кірістен аспайтын** кірістерді қоспағанда, адамның **әлеуметтік аударымдарды төлеу үшін** өзі дербес айқындайтын алатын **кірісі** түсініледі.

Бұл ретте міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін **айына алынатын кіріс** республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген **ең төмен жалақының 50 еселенген мөлшерінен** (2023 ж. 3 500 000 теңгенің 10 % 350 000 теңге) **аспауға тиіс**. (ӘК 249 бабы 1 тармағы 2 тармақшасы).

Егер аталған адамдардың кірісі республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген **ең төмен жалақының 1 еселенген мөлшерінен** (2023 ж. 70 000 теңгенің 10 % 7 000 теңге) **кем болған жағдайда**, олар республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген **ең төмен жалақының 1 еселенген мөлшерінен** міндетті зейнетақы жарналарын төлеуге **құқылы** (ӘК 249-бабы, 1-тармағы, 2-тармақшасы).

